

«КЕЛІСЕМІН»

№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының

әдіскері: Н.С.Зулкакова

«БЕКІТЕМІН»

№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының

менгерушісі: А.З.Айтжанова

хаттама № 1 «23» тамыз

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған кіші «Балапан» тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Бастанова М.Т.
Бекенова А. А.

Қыркүйек айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерді дамыту
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жууға үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
		Коммуникативтік дағдыларды дамыту
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс заттарын білдіретін зат есімдермен

	таныстыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға ынталандыру.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беруге үйрету, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атауға үйрету, оларды суреттерден тану. Еңбекке баулу: Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Адамгершілік тәрбиесі: Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Табиғат әлемі: Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.

Қазан айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Физикалық қасиеттерді дамыту	
	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, колдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығуларды үйретуді жалғастыру. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыруды жалғастыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға үйретуді жалғастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Ересектің бақылауымен беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыруды жалғастыру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал етуді қалыптастыру. Сөздік қорды қалыптастыру. Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс заттарын білдіретін зат есімдермен таныстыруды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге дағдыландыру.	
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға ынталандыру.	
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту		
Сенсорика	Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.	
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту		
Сурет салу	Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуге үйрету.	
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануға, қолды дымқыл шүберекпен сұртуға үйрету.	
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.	
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастыруды үйрету.	
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беруге үйретуді жалғастыру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.	

	Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атауға үйретуді жалғастыру, оларды суреттерден тану. Көлік: Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Еңбекке баулу: Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыруды жалғастыру. Адамгершілік тәрбиесі: Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру Табиғат әлемі: Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажыратуға үйрету.
--	--

Қараша айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Физикалық қасиеттерді дамыту	
	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінін соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Жалпы дамытушы жаттығулар: Арканың бұлшық еттерін және омыртканың иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан калыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру. Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өзбетінше, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал етуді қалыптастыруды жалғастыру. Сөздік қорды қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге қалыптастыру.
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауды жалғастыру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Сенсорика	Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамытуды жалғастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуге үйрету.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін жетілдіру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу)
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша өз бетінше құрастыруды, кеңістік қатынастарды түсінуді жалғастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің есімін және жасын атауға үйрету. Заттық әлем: Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) орындауға баулу.
-----------------------------------	--

Көлік:

Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсінік беру.

Еңбекке баулу:

Кейбір еңбек әрекеттерін білуге (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.

Адамгершілік тәрбиесі:

Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға үйрету.

Табиғат әлемі:

Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Желтоқсан айы 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Физикалық қасиеттерді дамыту	
	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысуға үйретуді жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Арқаның бұйық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығуларды дамытуды жалғастыру. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан калыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіруді жалғастыру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруге дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Жеке заттарды қолдануға (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйретуді. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз етуді жалғастыру.

		Көлік: Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды. Еңбекке баулу: Кейбір еңбек әрекеттерін білуге (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді жалғастыру. Адамгершілік тәрбиесі: Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі: Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.
--	--	---

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға ынталандыру. Сөздік қорды қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байытуды жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
	Сурет салу	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды үйрету.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін жетілдіруді жалғастыру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіру)
	Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға үйрету (жекелеген бөліктерден),
	Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің есімін және жасын атауға үйретуді жалғастыру. Заттық әлем: Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) орындауға қалыптастыру.

Қаңтар айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Физикалық қасиеттерді дамыту

Дене шынықтыру

Негізгі қимылдар:

Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тактайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.

Қимылды ойындар:

Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіруді бекіту.

Спорттық жаттығулар:

Шанамен сырғанауды жалғастыру: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас таныту.

Мәдени-гигиеналық дағдылар.

Жеке заттарды қолдануға (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) үйретуді жалғастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету.

Сөздік қорды қалыптастыру.

Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), карама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.

Қаңтар

	Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды жалғастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атауға дағдыландыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы мүшелерінің аттарын атауға дағдыландыру. Заттық әлем: Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік: Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Еңбекке баулу: Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі: Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануды қалыптастыру. Табиғат әлемі: Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.

Ақпан айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Физикалық қасиеттерді дамыту

Дене шынықтыру

Негізгі қимылдар:

Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тактайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арканның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алаканымен, тіземен тіреп) еңбектеуге. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеуге үйретуді жалғастыру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығуларды үйретуді жалғастыру.

Қимылды ойындар:

Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбанды жүру).

Спорттық жаттығулар:

Шанамен сырғанауды жалғастыру: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйретуді жалғастыру.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауды дамыту.

Мәдени-гигиеналық дағдылар.

Киіміндегі ояқылықты байқап және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруге, қол орамалды пайдалануға үйретуді қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға ықылас танытып қызығушылықтарын оятуды жалғастыру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға қалыптастыру.

Сөздік қорды қалыптастыру.

Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін егістіктермен байытуды жалғастыру.

	Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді карау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».
Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруды жалғастыру.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруға үйрету..
Құрастыру	Қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауға баулу.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы мүшелерінің аттарын атауға қалыптастыру. Заттық әлем: Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға қалыптастыру. Көлік: Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.. Еңбекке баулу: Ересектердің еңбегін бақылауды жалғастыру, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі: Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.

		Табиғат әлемі: Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
--	--	--

Наурыз айы 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерді дамыту
Наурыз	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйретуді (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру) жалғастыру. Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдармен сырғанауды жалғастыру; балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіріп, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауды жалғастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әртүрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкапка немесе орындыққа ұйқыға жатаралдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.
		Коммуникативтік дағдыларды дамыту
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты

	бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарауға, ондағы таныс заттарды атауға, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып беруге, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қалыптастыру.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіруді қалыптастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдалау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді үйретуді жалғастыру.
Жапсыру	Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруға үйретуді жалғастыру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атауға, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауға үйретуді жалғастыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық әлем: Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет етуге дағдыландыру. Көлік: Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Еңбекке баулу: Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі: Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым

		түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Табиғат әлемі: Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, катты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
--	--	--

Сәуір айы 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерді дамыту
Сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыруға; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалатуға, доптарды бір-біріне домалатуға үйретуді жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). жаттығуларын үйретуді жалғастыру. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату, лақтыру) жетілдіру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебуді үйретуді жалғастыру: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіріп, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындау. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыруды жалғастыру.
		Коммуникативтік дағдыларды дамыту
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйретуді жалғастыру. Сөздік қорды қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.

	Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге үйрету.
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуге үйрету.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеуге үйрету, заттардың ұқсастықтарын табу.
Жапсыру	Фланелеграфта машиналарды, үйлерді орналастыруға машықтандыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнауға қызығушылықтарын ояту.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттық әлем: Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет етуге қалыптастыруды жалғастыру. Көлік: Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелері туралы түсінік беру. Еңбекке баулу: Тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындауға ынталандыруға үйрету, ересектерге еліктеу. Адамгершілік тәрбиесі: Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғат әлемі: «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шаппау, тастарды лақтырмау) таныстыру.

		өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
--	--	---

Мамыр айы 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерді дамыту
Мамыр	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы калыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). жаттығуларын қайталау. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату, лақтыру) жетілдіруді бекіту. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебуді жалғастыру: ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіріп, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауды бекіту. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру бекіту.
		Коммуникативтік дағдыларды дамыту
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.

	Сөздік қорды қалыптастыру. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді қалыптастыру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйретуді жалғастыру.
Мүсіндеу	Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруға, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта доптарды, шарларды, гүлдерді орналастыруды жалғастыру.
Құрастыру	Қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланы ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Заттық әлем: Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Көлік: Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелері туралы түсінік беруді жалғастыру. Еңбекке баулу: Жакындарына жанашырлық, қамқорлық танытуға баулу. Адамгершілік тәрбиесі: Жакын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеуді жалғастыру (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.

		Табиғат әлемі: «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыруды жалғастыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
--	--	--